

Зеленов ауданы Дариян ауылдық округінің Дариян елді мекеніне карантин аймағының ветеринариялық режимін белгілеу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Зеленов ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 1 қазандағы N 407 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2010 жылғы 14 қазандағы N 7-7-116 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Зеленов ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 28 қазандағы N 439 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Зеленов ауданы әкімдігінің 2010.10.28 N 439 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабы, Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 10 бабы, 2 тармағы, 9 тармақшасын басшылыққа алып және Зеленов ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2010 жылғы 24 қыркүйектегі N 1-11-866а ұсынысына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Зеленов ауданы Дариян ауылдық округінің Дариян елді мекеніне шошқа тілмесі ауруы анықталуына байланысты карантин режимін және шектеу іс-шараларын енгізе отырып, карантин аймағының ветеринарлық режимі **б е л г і л е н с і н .**

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары **А. Х а л е л о в қ а** жү к т е л с і н .

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізілсін.

Аудан әкімі

Ғ. Қапақов